

**«Табысы ең көп ел»,
«Әлемдегі ең қымбат
әрі ерекше тауар»,
«Ең көп жалақы»,
«Ең қымбат қала»**

Табысы ең көп ел

«Форбс» журналының нұсқасы бойынша Катар әлемдегі ең бай мемлекет деп танылды.

Катар мемлекеті Парсы шығанағының Катар түбегіндегі мемлекет.

Жер көлемі: 11400 км².

Халқы: 2 172 065

ЖІӨ: 146,011 мың доллар халықтың жан басына шаққанда.

Беделді басылым құрастырған Рейтингіде жан басына шаққанда орташа жылдық табыс 88 мың 222 АҚШ долларын құраған Парсы шығанағындағы кішкентай араб мемлекеті бірінші орынға шықты.




Негізгі байлығы – мұнай (табиғи қоры – 778 млн. тонна). Елдегі ұлттық табыстың 90%-ын мұнай өнеркәсібі береді. Мұнай өнеркәсібі “Катар петролеум”, “Шелл оф Катар”, тағы басқа компаниялар қолында. Мұнайдан басқа табиғи газ өндіріледі, балық ауланады. Тұрғындардың 35%-ы өнеркәсіпте, 3%-ы ауыл шаруашылығында, 60%-ы қызмет көрсету салаларында қызмет етеді. Жерінің 0,7%-ы ғана ауыл шаруашылығына пайдаланылады.



1997 жылы ұлттың байлық мөлшері 7,4 млрд. АҚШ доллары, жан басына шаққанда 20100 доллар деңгейінде болды. Мұнай салалары бойынша жетіспейтін жұмыс күшін сырттан әкеледі. Сырттан машиналар, құрал-саймандар, мал, тамақ өнімдері, тұтыну және химия тауарлары әкелінеді. Негізгі сауда серіктестіктер Жапония, Италия, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Сауд Арабиясы.



Қазақстан мен Катар арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылы орнаған. 1998 жылы 23 мамырда Қазақстан Президенті Н. Назарбаев Катарда ресми сапармен болып, әмір Хамад бен Халифа әл-Танимен және елдегі аса ірі бизнес өкілдерімен келіссөз жүргізді. Екі жақ мұнай өңдеу және тасымалдау, инвестиция мен банк, туризм, әуе байланысы, тағы басқа салалар бойынша өзара келісімдерге қол қойды. Осы кездесуден кейін екі ел арасында сауда-экономикалық байланыстар жедел дами бастады.



Әлемдегі ең қымбат тауар

Британдық дизайнер
Стюарт Хьюз өзінің аса
қымбат
жұмыстарыммен
танымал, өзінің Vaia 100
HISTORY SUPREME құны 3
миллиард фунтов
стерлинг(\$ 4,8 млрд)
яхтасын, ұсынды. Бұл
бірегей автокөлік яхта
әлемдегі ең қымбат
болып табылады.
Яхтаның иесі –
малайзиялық



бизнесмен Роберт Куок



Яхтаны жасау үшін 100 000 кг таза алтын жұмсалған. Яхта динозаврлардың сүйегімен, миниатюралы метеориттармен және басқа да өте қымбат заттармен әсемделген.

Алтын және
платина жүзінде
әсемделген
яхтаның:
асханасы,
қоршаулары,
зәкірлері, тіпті
кеме түбі таза
алтынмен
әсемделген.
Жиһазы құнды
ағаштан жасалған.
Бұл сәнді яхта,
жайлы 4 қос VIP-
каюта, 8 адамға



Әлемдегі ең көп жалақы

Әлемдегі көп жалақы Мұнай және газ корпорациялардың әлемдік көшбасшыларында, олар айына 150 мың доллардан астам жалақы алады. Олар біріші орында тұр.

Екінші орынды ауыр өнеркәсіп саласындағы топ-менеджерлері және инвестициялық банктердің банкирлері (сол басшылық лауазымдар) бір ұшы өзара бөлісті. Әр ай сайын шамамен 100 мың. Доллар алады.

Үшінші орында коммерциялық банктердің басшылары. Олардың жалақысы 70-80 мың. Долларын құрайды.

55 мың. Доллар жалақы алатын телекоммуникациялық компаниялардың директорлары төртінші орында орналасқан

Содан кейін - 50 мың доллар айлық табысы, сақтандыру және құрылыс компанияларының басшылары

Саудадағы менеджерлері шамамен 40 мың доллар алады, фармацевтикалық компаниялар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың топ-менеджерлері 35 мың. Доллар алады.



Спорт саласында Forbes рейтингі бойынша әлемдегі ең көп жалақы алатын спортсмен Криштиану Роналду боп атанды. Жылына \$88 млн. алады. Роналду «Реал» командасында тарихындағы ең қымбат ойыншы. Корольдік клубпен ол 3 алтын допты және 2 чемпиондар лигасының



Өнер саласында

Дуэйн Джонсон Forbes нұсқасы бойынша әлемдегі ең қымбат актер атанды. Ол 64,5 млн доллар тауып, рейтингтің бірінші орнына ие болды. Актер, рестлер Джонсонның ақшасының көбеюіне "Шпиона" фильмі мен "Форсаж" және "Спасатели Малибу", сондай-ақ "Разлом Сан-Андреас" туындыларының кезекті шығарылымдарының гонорары себеп болды.

Әйелдер арасында рейтингті Скарлет Йохансон (40 млн доллар) Мстителі киносында (агент Наташа Романов) басқарды.

Әнші Тейлор Свифт жылына 170 млн. доллар (2016 жылдың маусымына дейінгі көрсеткіш) табыс тапқан Forbes рейтингің бастап тұр.



Билл Гейтс (ағылш. *Bill Gates*) — АҚШ кәсіпкері әрі қоғам қайраткері, бағдарламалық қамсыздандыру саласының әлемдік көшбасшысы болып табылатын Microsoft Corporation компаниясының негізін қалаушысы (Пол Алленмен бірге) және бұрынғы президенті, негізгі акционері. 2008 жыл маусым айына дейін оның басқарушысы болған, ал одан бері директорлар кеңесінің атқарушы емес төрағасы лауазымында. Қайырымдылық Билл және Мелинда Гейтстер қоры төрағаларының бірі.

Бүгінгі таңда ол 75 миллиард доллардың иесі және Forbes тізімінде байлығы бойынша 1-ші орынды алады. Оның байлығының ең биік шыңы 120 млрд. долларға дейін жеткен еді. «Майкрософт» акцияларына биржалық бағалардың ауытқуына байланысты Гейтс санаулы секундтар ішінде миллиардтарын жоғалтып, оны қайта қалпына келтіре алды.




Әлемдегі ең қымбат қала

Сингапур қаласы әлемдегі ең қымбат және ауасы таза боп саналады. Сингапур — экватордан 137 км солтүстікте, Малайзияның Жохор облысының оңтүстігінде, Индонезияның Рияу аралының солтүстігінде орналасқан. Өзіндік тарихы бар қала-мемлекет қытайлықтар табан тепкенмен, малайлықтардың тарихи отаны болып табылады. Ұзындығы — 42 км көлденең алғанда – 29 км болатын арал Малакка түбегінің оңтүстік бөлігінде, екі мұхит торабында (Үнді және Тынық) тиімді географиялық орынға ие.



Сингапур үкіметі мемлекетте тиімді әрі ашық нарықтық экономикалық жүйе орнатты. Экономика жағдайына келсек, Еуропа, Азия елдерімен және Австралиямен теңіз жолдары арқылы жан-жақты қарым-қатынас орнатуы бойынша Сингапур әлемдегі ең ірі сауда орталығына айналып отыр. Мысалы, мұнда көрші елдерде өндірілетін сан алуан тауарлар – Малайзиядан каучук пен қалайы, Тайландтан күріш






**TRANSPARENCY
INTERNATIONAL**



Ел Үкіметі әділ және жемқорлық деңгейі төмен әлеуетке ие. Дүниежүзіндегі Transparency International атты жемқорлыққа қарсы ғаламдық коалицияның рейтингтері бойынша Сингапур әлем бойынша әрдайым бірінші ондықта, ал Азияның жемқорлық фактісі тіркелмеген елдерінің арасында бірінші орынды иемденеді. Жемқорлық фактілері мемлекеттік қызметте жиі кездесетіндіктен, Сингапурдың мемлекеттік қызмет жүйесі өте тиімді формула негізінде құрылғанын байқауға болады. Сингапур Оңтүстік-Шығыс Азияның экономикалық қатынастағы дамыған елдерінің қатарында, сондай-ақ халықаралық сауда мен қаржының, жаңа технологиялардың жасалу орталығы және коммуникация мен көлік торабының дамуы бойынша алдыңғы шепте.



Қала-мемлекетте ғылыми сала, компьютерлер мен олардың құрамдас бөліктерін жасау, биотехнология мен лазерлік оптика салалары басымдық қасиетке ие. Бүгінгі таңда экспортталатын әскери өндірістің тауарлары (радиоаппаратура, қару-жарақ, теңіз катерлері) өз даму шегіне жетті. Кеме жөндеу, кеме жасау қызметтері Сингапурда едәуір дамыған. Жартылай өткізгіштер мен телекоммуникациялық құрылғыларға деген сұраныстың көбеюі электроника өндірісін дамытты. Еуропа және АҚШ нарықтарына үлкен көлемде экспорттау өндірістің көбеюімен тікелей байланысты болып, химиялық өндірістің өсуі көрініс тапты.

Сингапур электроника мен биотехнологияны, химиялық өндірістің өнімдерін, алькогольді сусындарды, темекі бұйымдарын, мұнай өндірісіне қажетті құрылғыларды, резеңкені экспорттай отырып, теңіз кемелерін жөндеу қызметтерін көрсетеді. Көрсетілетін қызметтердің дамыған секторы мемлекеттік бюджетке салық түрінде 70% табыс

Қорытынды

Нарықтық заман қай жағынан алсаң да, ақшаға, байлыққа әкеліп тіріледі. Әр елдің экономикасы, халықтың тұрмыс күйі, адамды жұмыспен қамыту, оған тиесілі төлеумен қатар, оның саяси әлеметті және басқа мемлекетпен қарым қатынасына байланысты.